

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

7) ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алушы үшін білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдай жасау;

8) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

9. педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

10) педагогтің әлеуметтік статусын ұздіксіз көтеруді қамтамасыз ету.

15. Мемлекеттік Білім беретін мекеменің қызметі мыналардан құралады.

1) «Білім берудің барлық деңгейіндегі мектепке дейінгі жалпы білім беретін Білім стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы

2) Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы типтің оку бағдарламасы бойынша 1 жастан 6(7) жастан оқыту мен тәрбиелеу.

16. Мемлекеттік мекеме оқу процесін «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

17. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен машиқтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен менгеру үшін окудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдылардың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

18. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың гылымдар жүйесінің базалық негіздерін менгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

Үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

19. Мемлекеттік мекемеде оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламаларына және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік мекемеде оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабактар кестесімен регламенттеледі.

21. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабак режимі МЖМБСы, санитариялық қағидалары, денсаулық сақтау және білім беру органдарының